

Халықтар достығы күні



2-бет

Облыстан жүлделі оралды



3-бет

Соғыстан аман қайтқан жауынгер ұстаздар



4-бет

Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 41 (550) СЕЙСЕНБІ, 19 мамыр 2015 жыл

ЕЛБАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР КӘРІМ МӘСІМОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Кездесу барысында К.Мәсімов Қазақстан Президентіне негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, маңызды мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның қазіргі қызметі туралы баяндады.

Нұрсұлтан Назарбаев комиссияның белсенді әрі тиімді жұмыс істегені маңызды екенін атап өтті.

– Комиссия өзіне тапсырылған міндеттерді тезірек орындауға кіріскені жөн. Заңнамалық өзгерістер жобасының бір бөлігін Парламенттің қыркүйектегі сессиясына дейін әзірлеу керек, бұл алға қойылған міндеттерді уақытында жүзеге асыруға оң ықпал етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті көктемгі егіс жұмыстарын сапалы атқару ісіне атсалысу, елдің әрі қарай индустриялық-инновациялық дамуын, сондай-ақ оның негізгі экономикалық көрсеткіштерінің орнықтылығын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

2015 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ОРТА БІЛІМНІҢ ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ БЕКІТІЛЕДІ

2015 жылдың соңына дейін орта білімнің жаңа мемлекеттік стандартын бекіту жоспарланып отыр. Бұл туралы бүгін Мәжілісте үкімет сағатында ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов айтты.

«Жаңа мазмұнға кезең-кезеңмен көшу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Білім мазмұнын жаңарту Назарбаев зияткерлік мектептері, Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, жергілікті және шетелдік сарапшылардың тәжірибесі негізінде іске асырылуда. Бастауыш білімнің жалпы мемлекеттік міндетті стандарты бекітілді», – деді А.Сәрінжіпов.

Министр атап өткендей, бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасының жобасы жаңа форматта болады. Жаңа оқу бағдарламасы 2015 жылдың қыркүйек айынан еліміздің 30 мектебінде сынақтан өткізілмек.

«Оқулықтарды жаңартылған мазмұнға кезең-кезеңдеп көшіру кестесі бекітілді. Біз оқулықтарды жаңарту мен оқулықтарды жаңа формат бойынша басып шығару кестесін үйлестіру жұмыстарын қолға алдық. 2015 жылдың соңына дейін орта білімнің, яғни 5-11 сыныптардың мемлекеттік стандартын бекіту жоспарланып отыр», – деп толықтырды А.Сәрінжіпов.

ШҚО-НЫҢ БАРЛЫҚ МҰРАЖАЙЛАРЫНДА «МҰРАЖАЙ ТҮНІ» ОНКҮНДІГІ ӨТКІЗІЛЕДІ

18 мамыр – Халықаралық мұражай күніне орай ШҚО-ның барлық қалалары мен аудандарының мұражайларында 18-28 мамыр аралығында «Мұражай түні» онкүндігі өткізіледі.

Акцияның негізгі мақсаты – тірлік қамымен күндіз келуге бос уақыты болмаған адамдарды мұражайға тарту, тарихи және мәдени құндылықтар туралы терең мағлұмат беріп, жастардың танымын кеңейту. Шара аясында Қазақ Хандығының 550 жылдығына орай, ел іргесін бекіткен хандар мен сұлтандардың, батырлардың өмірі, мұралары жайында ақпараттандыру кең ауқымда жүзеге асырылмақ. Келем деушілерге түнгі 23.00-ге дейін мұражайлардың есігі ашық. ШҚО Мәдениет басқармасынан хабарлағандай, акцияға Өскемен қаласынан Облыстық өнер мұражайы, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Семейден Облыстық Достоевскийдің әдеби-мемориалдық мұражайы сынды ірі ошақтардың қызметкерлері бір-біріне экскурсияға барып, тәжірибе алмасады.

БАҚ беттерінен

ЖЕҢІС ПАРАДЫНА ҚАТЫСҚАН ЖЕРЛЕСІМІЗ



Жуырда Отан Қорғаушылар күні мен Жеңіс күнін мерекелеу бойынша Астанада өткен іс-шараларға қатысқаннан кейін Ұлы Отан соғысының ардагері Алексей Романович Ломтев туған ауылына оралды.

Оны үйінде Бородулиха ауданының әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Г.Акулов, аудандық мәслихат хатшысы У.Майжанов, Бородулиха ауылдық округінің әкімі К.Бичуиновтар барлық сый-сияпатпен қарсы алды.

Билік өкілдері Алексей Романовичті Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдық мерейтойымен құттықтап, ардагерге денсаулық, бақыт және ұзақ ғұмыр тіледі.

Ардагер Астана қаласында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен өткен Жеңіс күнін атап өту шарасына қатысып қайтқаны үшін қуанышы мен алғысын жасырмады.

Алексей Романович біздің елімізде ардагерлер мен аға ұрпақтар үшін қолайлы және жайлы өмір сүруге барлық жағдайлар жасалғанын атап өтіп, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына алғысын айтты.

Бородулиха а/о әкімінің аппараты

АРДАГЕРГЕ «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ ТАБЫСТАЛДЫ



2015 жылдың 6 мамырында аудан басшылығы Таврия ауылдық округінде тұратын ҰОС ардагері Иван Ефимович Салмановты Жеңіс күнімен құттықтады.

Мектеп оқушылары Иван Ефимовичті мектеп қақпасының алдында қарсы алды. Мұғалімдер мен оқушылар ән, тақпақ айтып құттықтады. Аудан әкімінің орынбасары А.Нұрғожиң, Бородулиха ауданының мәслихат хатшысы У.Майжанов, округ әкімі Г.Лазарев, Қоғамдық кеңестің төрайымы Л.Тинина, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрайымы Р.Майжанова құттықтау сөз сөйледі. Мектептің тарих пәнінің мұғалімі құнды сыйлықпен марапатталды. Ардагеріміз жерлестерінің ізгі пейіліне және облыс пен аудан басшылығы тарапынан көрсетілген құрметке ризашылығын білдірді.

А. БЕКБУЛАТОВА

СОҒЫС АРДАГЕРІНЕ ТАҒЗЫМ



Адамзат тарихында ірілі-уақты он бес мыңға жуық соғыстар өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жөнінен ең жантүршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және олардың ажырамас бөлігі болған Ұлы Отан соғысы болды. Соғыс жылдары бізден бірте-бірте алыстаған сайын оған деген көзқарас та өзгеріп келеді. Қазіргі кезеңнің бір

қасиеті - баяғыда аян болған жағдаяттар жайлы шындықтың жаңа қырынан көрінуі. Бұл айтылған тұжырым 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының тарихына да тікелей әрі толығымен қатысты. Осы соғыста қаншама адам соғысқа аттанып, үйіне оралмады. Жеңіске жету үшін жан алып жан беріскендер де жетерлік. Біз осы соғысқа қатысқан, осындай жарқын болашақты бізге тарту еткен аталарымыз бен апаларымызға мәңгілік қарыздар екенімізді айтып өткеніміз жөн. Соғысқа қатысқан ардақты да айбарлы ардагерлеріміз де жыл сайын азайып, орны толмастай ойсырап барады.

Жеңістің 70 жылдық мерекесін де тойлап үлгердік. Осы мереке қарсаңында Бородулиха қазақ орта мектебінің 9-сынып оқушылары мен сынып жетекшілері Ұлы Отан соғысының ардагері А.Линниктің үйіне барып, Ұлы жеңістің 70 жылдық мерекесімен құттықтап, сыйлық табыс етті. Оқушылар А.Линникпен әңгімелесіп, оның соғыстағы ерліктері, көрген қиыншылықтары туралы ардагердің өз аузынан естіп, көкейлеріне түйіп қайтты. Әрине бұл жеңіс бізге жеңілдікпен келген жоқ, біз әрқашанда ардагерлерімізді ардақтап бағалап өтейік жас ұрпақ.

Г.НҰРСАЛІМҚЫЗЫ

Қоғам келбеті

ШҚО-ДА БОЛАШАҚ ЗАҢҒЕРЛЕРГЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯ ТҮСІНДІРІЛДІ

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын түсіндіру бойынша іс-шаралар жоспарының аясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша Департаменті облыстық білім беру басқармасымен бірлесе «Шығыс Қазақстан заң колледжінде» кездесу өткізді.

Іс-шара барысында студенттер мен ұстаздарға сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын-алу және оған жол бермеу мақсатында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат және азаматтардың осындай фактілермен кездескен жағдайдағы құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Жастар өздерінің болашақ мамандықтарымен байланысты, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін жауапкершілікке тарту бойынша қылмыстық нормалар, жалпы сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның алдын-алуға бағытталған шаралар, мемлекеттік қызметке, соның ішінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Департаментіне қызметке орналасу тәртібі туралы сауалдарын қойды.

Баяндамадан кейін қойылған сауалдар студенттердің сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік қатердің алдын-алуға бағытталған азаматтық ұстанымдары бар екендігін байқатты.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша Департаментінің баспасөз қызметі

ЕЛІ ҮШІН КҮРЕСКЕН АҚСАҚАЛ



Елімізде Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі ерекше тойлануда. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. «Қариялар азайып бара жатыр» демекші, бұрын қатары көп болған майдангерлерден қазір санаулы соғыс

ардагерлері қалып отыр. Кейбір ауылдарымызда мүлдем жоқ десе де болады. Біздің қазіргі сөз еткелі отырған қариямыз 1923 жылы 7 қарашада туған Әбдірахман ақсақал жайында айтпақпыз. Ол былтырғы жылы дүниеден өтті. Әбдірахман Уатайұлы Бейсембинов 1942 жылы соғысқа аттанып, аз кем дайындықтан соң, минаметші болып әскери қызметін 97 атқыштар полкінде атқарып, қан майданға қызу араласты. Әбдірахман ақсақал өзінің полкінің құрамында Шығыс Еуропаның көптеген елдерін жау қолынан азат етіп, 1943 жылы кезекті жарақатынан соң 119 атқыштар полкінде атқыш болып Отан алдындағы борышын адалдықпен атқарды. 1945 жылдың қаңтарында Берлинге басты жорық басталар тұста атамыз 382 атқыштар полкінде атқыш болып, қашан әскерден босағанша 1946 жылдың ақпанына дейін жауынгерлік борышын өтеді. 1946 жылы елге оралған майдангер Бородулиха ауданында дайындаушы кеңсесінде еңбек етіп, сол жерден құрметті еңбек демалысына шықты. Балалары мен немерелері осы Бородулиха ауданында тұрады. 1944-1945 жылдары Румынияны, Югославияны, Венгрияны азат ету жолындағы қанды шайқастарға қатысқан, фашизмнің тамырына балта шауып, Берлинді алған жауынгерлердің сабында атамыздың өңірінде түрлі мерекелік медальдардан өзге ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордені, "1941-1945 жж. Соғыс ардагері" төс белгісі жарқырайтын. Оның ішінде атамыз үшін ең ыстығы «Берлинді алғаны үшін» медалі еді. Көзі тірі кезінде кездескенімізде атамыз осы сұрапыл соғыстағы естеліктерін ұзақ айтып отыратын. Міне бүгінгі таңда осындай ақсақалдардың арқасында елімізде бейбітшілік орнап, халқымыз мамыражай күн кешуде. Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қан кешкен жауынгерлер мен ардагерлер ешқашан ұмытылмайды.

М.БАЛАБАЙҚЫЗЫ

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Шығыс Қазақстанның тұрғындары электр энергиясы үшін төлем жөніндегі шотты ұялы телефон арқылы ала алады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС өзінің тұтынушыларына жаңа қызметін ұсынады – электр энергиясы үшін төлем жөнінде шотты ұялы телефон арқылы алу және берешек жөнінде ақпаратты SMS-хабарлама жіберу арқылы алу.

2015 жылдың мамыр айынан бастап шығысқазақстандықтар үшін жаңа қызмет әрекет етеді – тұтынылған электр энергиясы үшін ай сайынғы есептеу туралы шотты ұялы телефон арқылы алу. Тұтынушыға ай сайын төлем сомасы көрсетілген SMS жіберіледі. Қызмет құны 30 теңге. Қызмет нәлдік теңгеріммен де қолжетімді. Электр энергиясы үшін түскен төлемнен автоматты түрде ақшалай қаражат есептен шығарылады.

Сондай-ақ «Шығысэнерготрейд» ЖШС тұтынылған электр энергиясы үшін берешек туралы ақпаратты SMS-сұрау салу арқылы жедел алу мүмкіндігін ұсынады. Берешек туралы ақпаратты 3310 қысқа нөміріне жеке шотты SMS-хабарламамен жіберу арқылы білуге болады. Қызмет құны 30 теңге. Ақшалай қаражат ұялы телефоннан ұсталады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымның бас директоры Вячеслав Аксенов компания клиенттерге қызмет көрсету сапасы менеджментін жетілдіруге ниетті екенін айтты: «Шығысэнерготрейд» ЖШС үнемі тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартып отырады және өз қызметіне техникалық салада да - ақпараттық технологиялар, байланыс құралдары және тәсілдері, өз сервисіне де - шоттарды электрондық поштаға жеткізу, баламалы төлем тәсілдері, жеке тұлғалар үшін «Жеке кабинет» сияқты жаңартпаларды енгізуде.

Бұл қызметтерге жазылу үшін «Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің дербес қызмет көрсету орталықтарына жүгіну қажет. Өтінішті жеке шоттың иесі жеке басын куәландыратын құжатты ұсынып жаза алады.

РАРИТЕТ МАШИНАЛАРДЫҢ АВТОШЕРУІ



2015 жылғы 8 мамырда Жаңашүлбі ауылдық округінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай раритет машиналардың автошеруі өтті. Автошеру Жерновка ауылдық округінен басталды.

Автошеруді Жаңашүлбі ауылының ауылдық клубының алаңында түрлі-түсті шарлармен Комаров атындағы ОМ оқушыларынан құрылған колонна күтіп алып, кітапханашы Л.Цвенгер «Шашу» рәсімін өткізді. Құттықтау сөз ішкі саясат бөлімінің басшысы С.Гальченкоға берілді, сонымен қатар Жаңашүлбі ауылдық округінің әкімі К.Қарымова мен ауылдық кеңестің төрағасы А.Подкорытов сөз сөйледі. Аталған автошерудің ұйымдастырушысы және демеушісі Ж.Аубакиров сөз сөйлеп, Ұлы Отан Соғысындағы жеңістің 70 жылдығына арнап шығарған өлеңін оқыды. Іс-шараға қатысушылар ауылдық клубтың қызметкерлері дайындаған мерекелік концертті тамашалады. Ауыл тұрғындары соғыс жылдарының киім үлгісін киген жүргізушілері бар раритет машиналарға отырып, ескерткіш суреттерге түсті.

Одан әрі автоколонна «Жеңіске 40 жыл» саябағына келіп, «Даңқ» мемориалына гүл шоқтарын қойды.

Жаңашүлбі ауылдық округі

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ КҮНІ

Осыдан біраз күн бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы қарсаңында Бородулиха аудандық Достық үйінің ұйымдастыруымен мерекелік концерт өтті. Іс-шараға ауданымыздың барлық этно-мәдени және мәдени бірлестіктері қатысты. Құттықтау сөз аудан әкімінің орынбасары Р.Атаеваға берілді. Р.Абузарқызы тұрғындарды Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен құттықтап, ауданымыздың дамуына

этно-мәдени бірлестіктердің мүшелері Қазақ еліндегі достық пен келісімді, береке-бірлік пен ынтымақтастықты ту етті. Әсем әнмен өрілген сүйіспеншілік, мың бұралған бимен көмкеріліп, жыр жолдарымен тыңдаушының жүрегіне қонды.

Әлем елдерінің ішінде келісім мен достықты мызғымас берік ту етіп алған Қазақстан үшін халықтар достастығынан, өзара

үлесін қосып жүрген Достық үйі ұжымына алғысын білдірді. Келесі сөз кезегін алған Достық үйінің директоры А.Шпилькина жиылған жұртты мерекесімен құттықтап, ауданымызда бір шаңырақтың астында жұмыс істейтін «Хуторянка» украин ЭМБ, «Ляйсан» татар ЭМБ, «Арирам» кәріс ЭМБ, «Сударушка» ЭМБ, «Славянка» орыс ЭМБ, «Родник» орыс ЭМБ, «Раздолье» орыс ЭМБ, «Фроиндшафт» неміс ЭМБ, «Верасы» белорусь ЭМБ, «Ажар» және «Ақниет» қазақ мәдени бірлестіктеріне ауданымызда өтетін іс-шараларға белсене қатысқандары үшін мақтау қағаздарын табыс етті.

Ары қарай мерекелік іс-шараға жиналған тұрғындар аталған этно мәдени бірлестіктердің өнерлерін тамашалады. Қазақстан халқы бірлігі күні туған жерге деген махаббатырын әнмен жеткізген



ауызбіршіліктен, ұлтаралық келісімнен құнды байлық жоқ. Ұлттық шығу тегіне, діни ұстанымына, түріне, түсіне қарамастан бір елдің баласындай ұйыған сүттей ғұмыр кешіп жатқан еліміз үшін осындай атаулы жылда ынтымақтастықтың үлгісін көрсетуі – Қазақ елінің өзге елдердің алдындағы абыройы. Бейбіт күнде қолұстасып баянды ғұмыр кешіп отырған еліміздің бейбітшілігі мәңгілік, болашағы жарқын болсын демекпіз.

М.ТҮЙЛЕБАЕВА

Адам және Қоғам

АУДАНЫҚ «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАСЫ



дәріптеу және кеңінен насихаттау.
 Байқауға отбасылар (бұдан әрі – Үміткерлер) қатысады. Байқау ашық нысанда аудан аумағында өткізіледі.
 Байқауға қатысуға арналған талаптар:
 1) отбасы мүшелері жетістіктерінің саны мен маңызы (отбасы тарихы визит карточкасы – таныстыру рәсімі);
 2) отбасылық дәстүрлер және жәдігерлер;
 3) отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары;
 4) балаларының жетістіктері;
 5) ата-аналарының үлгі тұтарлықтай жетістіктері;
 6) өздерінің шыққан тегін білуі (шежіре, ру тарихы);
 7) отбасы құрамы (отбасы мүшелерінің саны – бір аумақта бірге тұрып жатқан бірнеше ұрпақтың өкілдері);
 8) отбасының дарындары;
 9) отбасының өмір сүру салты (салауатты өмір салты, бос уақыты және т.б.).
 Байқау шарттары:
 «Тегін білу тектілік» отбасын таныстыру;
 «Өнерлінің өрісі кен» өнер көрсету (ән, би, проза, сахналық қойылым, әр түрлі жанрда);
 Салт-дәстүр, ел тарихы, әдебиеттен сұрақтарға жауап беру;
 «Ертегілер еліне саяхат», «Бесік жырын естіген, бес арыстың баласы»;
 Отбасының ас мәзірі.

Құрметті Бородулиха ауданының тұрғындары!
 Облыстық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы (бұдан әрі – Байқау) жалғасуда. Байқау өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некені жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін жоғарылатуға бағытталған. Қатысуға тілек білдірушілер Бородулиха ауданы ішкі саясат бөліміне өтінім берулеріне болады. Байланыс телефондары: 872351-2-11-64, 2-14-60
 Байқауды өткізудің мақсаттары:
 1) ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
 2) отбасыларды, кәметке толған балаларды еңбекке қабілетсіз ата-аналарына күтім жасауын

9 МАМЫР - ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІ

Михайличенково

Әлем тарихында Ұлы Отан соғысының маңызы жылдар өте келе өз мәншіні арттырып келеді. 2015 жылы 9 мамыр күні Андреевка ауылдық округінің Михайличенково ауылында Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мейрейтойына арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында мәңгілік алау жағылып, Қазақстан Республикасының Әнұраны ойналды.



Ауыл әкімі Б.Кулаков Соғыс ардагері мен тыл еңбеккерлерін, сондай-ақ ауыл тұрғындарын мерекелем құттықтады. «Новая Заря ЖШС» шаруа қожалығының директоры А.Матаев пен Жалпы білім беретін Михайличенково орта мектебінің директоры С.Горлач құттықтау сөздер ләгін жалғастырды. Артынан майданнан қайтпаған жауынгерлерді еске алу үшін бір минуттық үнсіздігі жарияланып, мәңгілік алауға гүл шоқтары қойылды. Митинг аяқталғаннан кейін ауылдық клубта мерекелік концерттік бағдарлама берілді.

О.Мецкер

Бақы

Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерейтойын тойлауға дайындық Бақы ауылдық округінде былтырғы жылдан басталды. «Коростелевское» ЖШС басшылығы Коростели ауылындағы Жеңіс мемориалына қойылатын қаза болған сарбаздардың тізімі жазылған тақтаны жаңартты. 9 мамыр күні Бақы ауылдық округінде Ауыл стансасындағы жеңімпаз сарбаз ескерткіші алдында тыл еңбеккерлері, ауған-сарбаздары, еңбек ардагерлері, ауыл тұрғындарына арналып мерекелік іс-шара өткізілді. Округ әкімі В.Чуваткин барша жұртты Жеңіс күнімен құттықтап, ауылдастарға жақсылық тіледі. Барша ауыл тұрғындары бір минуттық үнсіздікпен қаза тапқан жауынгерлерді еске алды. Мереке барысында таңертеңнен кешке дейін соғыс кезіндегі әндер айтылып, көптеген қойылымдар қойылды. Жеңіс күні мерекесіне жиналған жұрт ауылдық клубта өткен концерттік бағдарламаны көріп тарады.



Н.Көрпетаева

Шелехово және Орловка

Ағымдағы жылдың 9 мамырында Шелехово және Орловка ауылдарында тыл еңбеккерлері мен ауған соғысына қатысушылар шақырылып, митинг ұйымдастырылды. Ауылдық округ әкімі митингке қатысушыларды маңызды әрі нұрлы мереке - Жеңістің 70 жылдық мерейтойымен құттықтады.

«Барлығыңызды Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Біз соғысқа ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне олардың қайсарлықтары мен ерлігі үшін, болашақ ұрпақ үшін атқарған жанқияр еңбегі үшін шексіз алғыс айтамыз. Сіздердің жеңістеріңіздің арқасында біз қазір еркін елде өмір сүреміз. Біз Сіздердің Отан алдындағы еңбектеріңізді, ерліктеріңізді ешқашан ұмытпаймыз. Осындай бақытты өмір үшін, балаларымыздың еркін болашағы үшін рахмет! Біз Сіздерді мақтан етеміз. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, бақыт және амандық тілейміз! Біз Сіздердің алдарыңызда және фашизмге қарсы күресте қаза



тапқандардың алдында бас иеміз», - деді ауыл әкімі. Степной ауылдық округі

ОБЛЫСТАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ



Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту бағытында аудандық, облыстық, республикалық көлемде сан алуан іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Мемлекеттік тілдің мерейін үстеуге, оны кең көлемде насихаттауға бағытталған осы тектес шаралардың кейбірі дәстүрлі мәнге ие болып отыр. Дәстүрлі түрде өткізілетін бұндай шараларды оған қатысушылар асыға күтеді десек, артық айтқандық емес. Осындай шаралардың бірі – «Тіл - парасат» атты байқау. Бұл – аудандық деңгейде басталып, республикалық деңгейде аяқталатын, жыл сайын ұйымдастырылып отыратын байқау. Ағымдағы жылдың 15 мамырында Өскемен қаласында осы байқаудың облыстық кезеңі болып өтті. Өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу бойынша ұйымдастырылатын аталған байқауға аудандық кезеңнен бірінші орынды жеңіп алған Жаңашұлби балалар үйінің тәрбиеленушісі, Комаров атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Бакирланов Руслан қатысып қайтты. Байқаудың шарты бойынша сайыскерлер «Ынтымағы жарасқан киелі өлкем» тақырыбында тұсаукесер жасап, өздері келген ауданды, өздерін таныстырды. Одан кейін ұсынылған тақырыптардың біреуі бойынша эссе жазды. Экрандағы сандарды таңдай отырып, сол сандардың астынан ашылған тақырып бойынша диалог құрды. Бұл – олардың сөздік қорын, сөз саптау әдістерін, дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу сияқты дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар еді. Соңғы тапсырма шығармашылық бағытта болды, яғни әр сайыскер өз өнерін көрсетуге тиіс еді. Руслан бұл бөлімде «Қазақ елі» атты әнді орындады. Облыс аумағында орналасқан аудандар мен қалалардан келген 10 сайыскер байқаудың шарты бойынша барлық тапсырмаларды өз шама-шарықтарына орындап шықты. Қазылар алқасының бағалауы бойынша байқаудың қорытындысы шығарылып, біздің ауданымыздан барған үміткер – Бакирланов Руслан үшінші жүлделі орынды иеленді. Біз Русланды осы жеңісімен құттықтаймыз! Оған болашақта да жетістік пен жеңіс тілейміз. Мемлекеттік тілді меңгеру бағытындағы барлық ізденіс мен талабы нәтижелі болып, алдыңғы қатардан көріне берсін. Русланды осы сайысқа дайындаған, баптаған жетекшісі – Молдажанова Гүлшира Кәкімқызына алғыс білдіре отырып, шәкірт тәрбиелеу жолындағы еңбегіңіз табысты болсын дегіміз келеді. А.ТЛЕУҒАЗИН

БРУЦЕЛЛЕЗ

Бруцеллез (brucellosis) – жануарлардың және адамдардың созылмалы жұқпалы ауруы. Көпшілік малдарда іш тастау және шуының түспеуі, орхит, өмір сүруге қабілетсіз төлдердің туылуы және бедеулікпен көрінеді. Әлеуеттік қауіптілікке байланысты бруцеллез карантиндік аурулар тізіміне енгізілген. Бруцеллез әлемнің көп елдерінде таралған - Африкада, Орталық және Оңтүстік Америкада, Азия мен Еуропаның кейбір мемлекеттерінде, соның ішінде ТМД (Украина, Ресей, Қазақстан), Беларусь Республикасында 1982 жылдан бастап тіркелмеген. Экономикалық шығын төлдің алынбауынан (іш тастау малдардың 60% тіркелуі мүмкін), қысырлық, өнімділіктің төмендеуі пайда болады, карантиндік шараларды өткізуге көп шығын жұмсалады. Адамдағы ауру мүгедектікке әкелуі мүмкін (көбіне буындардың зақымдануы). Бруцеллез (лат. brucellosis) - адам ағзасының мүшелері мен жүйелеріне көптеген зақым келтіретін, ауру жануардан адамға жұғатын, зооноздық инфекция. Осы аурудың себепшісі - микропты - алғаш 1886 жылы ағылшын ғалымы Брюс анықтаған. Оларды оның құрметіне бруцелла, ал қоздыратын ауруын – бруцеллез деп атаған. Brucella түрінің бактериалары 6 түрге бөлінеді. Адамға аурудың ең қауіпті көзі болып үш түрі табылады - қоздырғыштардың сүтпен, зәрмен, шарана суымен бөлінетін ұсақ мал (қой-ешкі) бруцеллезі, ірі қара мал бруцеллезі және шошқа бруцеллезі. Адамға ауру жануармен жанасқан және зарарлы өнімді қолданған жағдайда жұғады. Бруцеллалар жоғары температураға сезімтал. Сұйық ортада 60 градуста 30 мин., 80-85 градуста - 5 минут ішінде, ал қайнатқанда бірден өледі. Тікелей түскен күн сәулесінің әсерінен бруцеллалар 4-5 сағатта өледі, топырықта тіршілігін 100 күн, суда - 114 күн сақтайды. Жабайы және үй жануарларының көпшілігі сезімтал. Көбіне ірі қара малдары, шошқалар, қойлар ауырады, жылқы мен түйелер оларға қарағанда сирек. Жұғу тері және сілекейлі қабықшалары (тіпті зақымданбаған) арқылы алиментарлық және жыныстық, трансмиссивті (кене және қан сорғыш жәндіктердің шағуы арқылы) жолымен болады. Тышқан тәріздес кеміргіштер, қан соратын жәндіктер, жабайы жануарлар тұрақты ауру қоздырғышын тасымалдаушы болып сипатталады. Инкубациялық кезең - 3-4 апта (ағзаға бруцеллдың түсуінен бастап қан сарысуында антидененің пайда болғанына дейін). Аурудың ағымы көбіне созылмалы, кейбір жағдайларда белгілерсіз болады. Буаз жануарларда басты себеп болып іш тастау табылады. Сиырларда іш тастау көбіне буаздықтың екінші жартысында болады, шуының түспеуінің орын алуы эндометрит пен қысырлыққа, мастит пен дене қызуының көтерілуіне әкеледі. Бұқаларда көбіне эпидермит және артрит тіркеледі. Бруцеллез диагнозын қою үшін эпизоотологиялық, клиникалық, зертханалық әдістерді қолданады. Ірі қара мал үшін-серологиялық: агглютинация реакциясы (АР), комплиментті байланыстыру реакциясы (КБР), Роз-бенгал сынама (РБС), сүтпен шығыршық реакциясы (ШР), іш тастаған жағдайда биологиялық сынама қоя отырып және полимеразды-тізбектеу реакциясы (ПТР). Бруцеллезбен ауырған жануарларды және олардан алынған төлдерді басқа мал басынан тез арада оқшаулау олардың асыл тұқымдылығына және өндірістік құндылығына қарамастан 5 күннен аспайтын мерзімде союға өткізеді. Бруцеллезбен ауыратын жануарларды ветеринариялық-санитариялық қағидаларды сақтай отырып союға әкететін жағдайларды қоспағанда, мұндай жануарларды тасымалдауға және айдап әкетуге жол берілмейді. Е.ШӘКЕНОВ, ветеринария бөлімінің басшысы



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫ ТОЙЛАНДЫ

Жеңіс. Бақытты күндер. Осы бақытты күндер қалай келді? Әрине, бұл күндер бізге миллиондаған адамдардың көз жасымен, төгілген қанымен, ауыр күресімен келді. Ол – Ұлы Отан Соғысы. Ол – тарихымыздағы ұлы қасірет, адам баласының жүрегіне жан-жарасы. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан-Анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Ұзақ төрт жыл, 1418 күн мен түн бойына шайқасып, Германия басқыншыларын 9 мамыр күні жеңді. Көптен күткен «Жеңіс» сөзі әлемге жайылып, тарихымызда мәңгілікке жазылып қалды. Содан бері бір ғұмыр – 70 жыл өтті. Мұны ұмытпаймыз да, ұмытуға қақымыз да жоқ. Өйткені өткенді ұмыту – өшкендіктің белгісі, ал оны еске алу – өскендіктің белгісі.



Осындай жарқын өмірді тарту еткен аталарымыз бен әжелеріміздің ерліктерін мақтан тұтып, оны келешек ұрпақтың естерінде мәңгі қалдыру – әр адам баласының міндеті. Бұл шайқаста тыл жұмыстарын аянбай атқарған жасөспірімдер, әйелдер мен қарттардың, яғни еңбек ардагерлерінің де үлесі зор. Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады, бірақ «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, уақыт өткен сайын оларға деген ыстық ықылас пен құрмет, алғыс пен марапат толастамай, керісінше ұлғая беруі керек. Әр таңымыздың бейбітшілікпен атуы, күніміздің сәттілікпен батуы, ұйқымыздың тыныш болуы – осының бәрі – ардагерлеріміздің арқасы.

Осы ардагерлерімізді құрметтеп, олардың Отан үшін жасаған ерліктерін насихаттау, дәріптеу біздің парызымыз.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арнап, 9-мамыр күні Буркотово ауылының Атақ бағында митинг өтті. Оқу мекемелерінің қызметкерлері ҰОС қаза тапқан ескерткішіне гүлдесте қойды. Оқу округ әкімі Г.Лазарев, «Буркотовское» ЖШС директоры Е.Бимурзин, соғыс ардагері И.Салманов, мектеп директоры А.Қайрабаева, округтегі Ардагерлер кеңесінің төрайымы Р.Майжанова құттықтау сөздер

сөйледі. Сондай-ақ мектеп оқушылары ҰОС туралы өлеңдер оқыды. «Буркотовское» ЖШС директоры Е.Бимурзин ҰОС ардагері, ҰОС ардагеріне теңестірілген тұлғалары, тыл ардагерлері үшін түскі ас беріп, азық-түлік кәрзеңкесін тарту етті. Оқу округ әкімі Г.Лазарев мерекеге келе алмаған тыл еңбеккерлерін үйлеріне барып құттықтап, сыйлықтар таратты.

Міне, осындай іс-шаралардың арқасында жас буын өткенге көз жүгіртіп, тарихымызды біледі. Онсыз болашаққа бағдар жасау мүмкін емес екенін түсінеді. Соғысты көрмей өскен оқушыларымыз өздерінің бақытты екенін сезінеді, патриоттық сезімдері оянады.

Осы 70 жыл ішінде Тәуелсіз ел болдық, Ата Заңымыз қабылданып, көк Туымыз желбіреді. Президентіміз сайланып, ана тіліміз Мемлекеттік мәртебеге ие болды, қазақ елін әлем таныды. Көптеген жетістіктерге жетіп, биік белестерден көрінуіміздің себепкері болған, күннен күнге азайып бара жатқан соғыс ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне деген құрмет Ұлы Жеңіс күні мерекесі төңірегінде шектеліп қалмау керек. Басқа күндерде де оларды үнемі мақтаншыпен еске алып, демеп, оларға көңіл бөліп отыруымыз керек.

Қазақ, орыс, украин, тәжік, өзбек деп бөлінбей, бірліктің арқасында жаудан қорғап қалған жерде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан біз солар сыйлаған бақытты күндердің, тыныш өмірдің қадірін білуіміз керек.

Д.ЖАЙЛАУБАЕВА

Бруцеллез ауруына шалдыққан малдардың иелеріне ұсыным

Жануар иесі хабарлама (ұсыным) алған жағдайда міндетті:
1. «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 814 қаулысына сәйкес бруцеллезбен ауырған жануарларды және олардан алынған төлдерді (бұзау, қозы) басқа мал басынан тез арада оқшаулау және бордақыламай және жайып семіртпей, олардың асыл тұқымдылығына және өндірістік құндылығына, салмақ кондициясына, жасына, физиологиялық жағдайына қарамастан 15 күннен аспайтын мерзімде союға өткізуге.

2. Бруцеллез жұқпалы ауру болғандықтан, аурудың таралуын болдырмау мақсатында, сою барлық ветеринариялық-санитариялық шаралардың сақталуы мал сою алаңында ғана жүргізіледі.

3. Бруцеллезбен ауыратын (әсер беретін) жануарларды ветеринариялық-санитариялық қағидаларды сақтай отырып союға әкететін жағдайларды қоспағанда, мұндай жануарларды тасымалдауға және айдап әкетуге жол берілмейді.

4. Ірі қара малды сою алдында ШЖҚ «Бородулиха ауданының ветеринариялық қызметі» КМК ветеринар дәрігері сою алдындағы қарауды жүргізеді. Сойғаннан кейін союдан кейінгі қарауды жүргізеді. Егер ұшаның ішкі ағзаларында патологиялық өзгерістер болмаған кезде еттің 12 сағаттық жетілуі өткеннен кейін еттің жеткізілетін орнына дейін ветеринарлық анықтама беріледі, шектеусіз шығарыла береді.

5. Қой – ешкі арасында бруцеллез мал анықталған жағдайда. Малдар терең өңдеу үшін тірі салмақта тек ет өңдейтін кәсіпорындарға ғана өткізіледі. Құнын өтеу жергілікті бюджет қаражатынан 50 %, қайта өңдеу кәсіпорнынан 50 % пайызға өтеледі (тек ҰМ).

6. Бруцеллезбен ауыратын малдарды жойғаннан кейін мал ұсталған қора-жайды зарарсыздандырумен механикалық тазарту қажет.

7. Бруцеллезбен ауыратын малдан алынған төл, олардың жасы мен салмағының төмендігіне байланысты етті қайта өңдейтін кәсіпорындарда оларды союға қабылдамайды. Аталған төлдерді қатаң оқшаулап ұстау қажет, ветеринариялық-санитариялық қағидаларды сақтай отырып союға әкететін жағдайларды қоспағанда оларды жеке аулада орнын ауыстыруға тиым салынады. Бруцеллезбен ауыратын ІҚМ алынған төл бақылап қадағалау кезеңінде алынған төлдерді оқшаулап, тірі салмақ жинағанша өсіреді, ветеринар маманның союынан және қарауынан кейін шектеусіз шығарылады.

Қосымша ақпарат
Малдан алынған әрбір қан сынағасы зертханада үш түрлі реакциямен зерттеледі (АР, КБР, РБС). Бородулиха ветеринарлық бактериологиялық зертханасымен және Семей ветеринарлық бактериологиялық зертханасымен берілген сараптау актісінің күші бар.

Бородулиха ауданының ветеринария бөлімі телефоны 2-20-56, 2-17-30

СОҒЫСТАН АМАН ҚАЙТҚАН ЖАУЫНГЕР ҰСТАЗДАР



1963-1964 жылдары Дегелең тауы сынақтың алаңына айналғанда осы таудан 25 шақырым жердегі Жаңа Семей ауданының Шынжы ауылының

мектебінде бізді білім нәрімен сусындатып, әрі бізді сынақ жүріп жатқан кезде қақаған қыстың суығына қарамай далада ойнатып (себебі сынақ жүрген кезде үйде отыруға, от жағуға болмайтын, бүкіл ауыл 35-40 С аяз болса да, омыраудағы сәбилерін көтеріп далада жүретін), көбейту кестесін ойын түрінде жаттатқызған, жер сілкінгеннен біз интернат балалары жалп етіп жерге құлағанда басымыздан сипап жерден тұрғызатын Жайкен мұғалім Жақиянов, сабырлы да салмақты, бізге үлкенді сыйлаудың үлгісін өз ісімен көрсете білген Шәкірт Баймұлдин мен Ғалым Сейтжанов ағайлардың орны ерекше. Біз бала күнімізде Жайкен мұғалім, Ғалым ағай, Шәкірт ағай деп атайтынбыз. Ұстаздарымыз сұм соғысқа қатысып, майдан отын көзімен көрген жандар.

Міне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығында білім берген қадірлі ұстаздарымыз алдында басымызды иеміз. Ардақты ұстаздарымыздың сол кезде айтқан соғыс жайлы әңгімелеріне балалықпен көңіл бөлмегенімізге бұл күнде өкінеміз. Ұстаздарымызға соғыс жайын көп еске түсіру ауыр тие ме, шешіліп айта бермейтін.

Тек Ғалым ағайдың «Отан үшін алға!» деген сөзді естіген кез келген жауынгер жараланып жатса да, басын көтеріп, сүйретіліп болсын алға жылжитын» дегені есімізде қалыпты. Ғалым ағай осы сөзімен-ақ бізді Отанды сүюге, еліміз бен жерімізді аялай білуге тәрбиелеген еді. Ол кісінің сабақ түсіндіргені де ерекше еді.

Ғалым Сейтжанов 1916 жылы Абай ауданының Бақанас ауылында туған. Әке-шешеден ерте айырылған бала

Ғалым үлкен апайы Бибіштің тәрбиесінде болды. 1938 жылы Семей қаласындағы педучилищені бітіріп, Бородулиха ауданында оқу бөлімінің инспекторы әрі меңгерушісі болып еңбек еткен.

1940 жылдың қантар айында әскерге шақырылып, 68-атқыштар дивизиясында 182-Қызылтулы атқыштар полкінде зеңбірекші болады. 1941 жылдың маусым-қазан айларында Өзбек ҚСР-нің Суркандиринск қаласында кіші лейтенанттар дайындайтын курсты оқиды. 1941 жылы қазан айында 63-полк батареясында взвод командирі болады. 1942 жылы желтоқсан айында майданға қосылады. (Бұл туралы Қайыр Жалмұхамедовтың «Посещение могилы фронтového друга» естелігінде жазылған).

Ғалым ағай Батыс Украина майданына қатысып, атты әскер дивизиясы құрамында зеңбірек взводының командирі болып, екі рет ауыр жараланады. Бірнеше ай Харьков қаласы үшін кескілескен ұрыстан кейін, Жоғары қолбасшылықтың бұйрығымен Каменск облысында запастағы атқыштар дивизиясында майданға әскер дайындау қызметінде болды.

Ғалым ағай елге 1945 жылы оралып, 1980 жылға дейін Зубаир орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. Ғалым ағай үйдегі отанасымен төрт ұл, үш қызына тәлімді тәрбиесін берді. Қанды майданның ортасынан аман-есен оралып, бар ғұмырларын жас ұрпақтың келешегіне арнаған ұстаздарымыздың ерліктері ұмытылмақ емес.

Зубаир ауылының 1974 жылғы түлектері

“Шығыс ақпарат” ЖШС-нің Бородулиха ауданы бойынша «Аудан тынысы-Пульс района» газетінің бөлімі

Газет ҚР Ивентстициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерін тіркеу туралы N 15346-Г куәлігі (04.05.2015) берілген

**Директор-бас редактор
Екатерина БОЙЧЕНКО**

**Директор-бас редактордың орынбасары,
Мейрамгүл АТАЕВА**

E-mail: borodulihapuls@mail.ru

Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакцияныңкімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.

Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69
Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5813
Таралымы 3080 оның ішінде «Аудан тынысы»580

Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен қ., Космическая 6/3
Көлемі 2 баспа табақ